№ U00069 26.03.2025 ж

Ата-анама мың алғыс

ТАШЕНОВА ГҮЛНҰР ОМАРҚЫЗЫ
Атырау қаласы, «Жалпы білім беретін
Алмалы орта мектебі»
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Мен Ташенова Гүлнұр Омарқызы 1984 жылдың 13 қаңтарында Алмалы селосы, Атырау көшесі 22 үйде дүниеге келдім.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Бала қамын ерте жастан бастап ойлау, бала тәрбиесіне аса мән беру арқылы білімді де тәрбиелі ұрпақ қалыптастырған. Менің ата - анамда сондай ұстамында болды, осы отбасында дүниеге келгеніме разымын, Аллаға шүкір, ата - анам, алдымда үш ағам, артымда ерген үш сіңілім бар. Ата - анамыз бәрімізді біліммен нәрлендірген, қазіргі таңда бәрі бір-бір мамандықтың үздік мамандары десе де болады, барлық бала - шағасы аяқтанды, ата – анамның он алты немересінің , он жеті жиені мен Жангүлім атты бір шөбересінің қызығын қызықтап отырған жайы бар.

Өзіме келер болсам, ата-анамның берген тәрбиесімен қанаттанып, Атырау қаласында университет аяқтап, өзім оқыған мектебімде ұстаздық қызметке орналастым. Жолдасым Бауыржанмен он бір жыл бірге оқығанбыз, осы мектепке жұмысқа орналасқанымда, Баукең алғашқы әскери дайындық сабағынан ұстаздық қызметте жүрген болатын, екеуміздің сөзіміз жарасып, тұрмысқа шықтым. Баукеңнің отбасы да қарапайым жандар, жеті ағайынды, бір әпкесі дүниеден өтті, аға-інісі мен қарындастары бар.

Менің де ата-анам, үш аға-жеңгем, үш сіңілім мен күйеу балаларым бар, Аллаға шүкір. Екеуміз де ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға деп шәкірттерімізге жалықпай дәріс берудеміз.

Қазіргі таңда отбасымызда: Абырой, Ханзере, Бақдаулет, Айбибі, Бексұлтан және Ризабек атты алты бала-шаға тәрбиелеп отырмыз, жақсы тәлім-тәрбие беруге, оқытуға бар ынтамызды , жігерімізді салудамыз.

Жұмыста да жетістіктеріміз аз емес, 2024 жылы Баукең шәкірттері ұлдар арасынан пневматикалық мылтықтан жарысқа қатысып, қалалық , облыс аралық жарыстарға шыққан болатын. Баукең мұғалімдер арасында мылтық атудан сайысқа түсіп, қалалыққа өтіп, одан облысқа, облыстан республикалық сайысқа өтіп , екінші орынға иеленген болатын. Ал осы биыл 19 наурызда өткен «Мерген ару 2025» мылтық ату сайысында , өзінің қызы , әрі шәкірті Ханзере облыстан бірінші орынға иеленген болатын, бұйыртса Ақтөбеге республикалық сайысқа жолдама алған болатын, сәттілік тілейміз.

Бізді үлгі тұтып, бала-шағаларына кіндік ата-ана атануымызды қалаған біршама жандар болды, біршама кіндік балаларымыз да бар, Аллаға шүкір. Былтырдың өзінде екі жаққа бірдей кіндік ата-ана анану бізге бұйырыпты, айта кетсем, ата-анамыздың алғашқы шөбересі, аға-жеңгемнің немересі Жангүлімнің және ата-енемнің немересі, қайныінім мен келінімнің баласы Мейірімнің кіндік ата-анасы атану бізге бұйырған екен.

Осылай ортамызда, жүрген жерімізде сыйлы болып жүру деңгейіміз ата-анамыздың тәлім-тәрбиесінің арқасында деп білемін, әкемізден ақыл, анамыздан мейірім алып өскен ұрпақпыз, екі жақты ата-аналарымызға көп рахмет айтамын.

№ U00070 26.03.2025 ж

Собственные и нарицательные имена существительные патриотизм

ЖИЛГИЛДИЕВА МАРИНА КРЫКБАЕВНА
г. Атырау СШ №24
Учитель начальных классов

Раздел (сквозная тема):	В контексте сквозной темы «Моя Родина -Казахстан».	
Дата: 8.10.2024	**Школа: СШ №24**	
Класс: 4 «З»	**Кол-во присутствующих**:	**Кол-во отсутствующих**:
Тема урока:	Собственные и нарицательные имена существительные Патриотизм	
Цели обучения в соответствии с учебной программой:	4.1.3.1 прогнозировать содержание информации по заголовку, диаграмме/схеме/ таблице, обосновывая свое мнение 4.2.5.1 находить информацию по трем и более источникам (словари, справочники, энциклопедии, детские познавательные журналы, газеты) на заданную тему и интерпретировать ее 4.3.4.1 создавать тексты (статья/ новости/проспект), аргументированно раскрывая тему и основную мысль в процессе предоставления информации, используя схемы/диаграммы/ таблицы 4.3.7.1 писать слова, произношение и написание которых расходится, используя известные способы проверки	
Цель урока:	Обобщить знания учащихся о правописании собственных и нарицательных имён существительных	

ХОД УРОКА

ЭТАП УРОКА / время	**ДЕЙСТВИЯ ПЕДАГОГА**	**ДЕЙСТВИЯ УЧЕНИКОВ**	**ОЦЕНИВАНИЕ**	**РЕСУРСЫ**
НАЧАЛО УРОКА 0-2 мин	**1.Создание положительного эмоционального настроя.** Учитель: Давайте наш	Приветствуют учителя. Организуют свое рабочее	**ФО Оценивание эмоционального состояния**	**Карточки для эмоционального настроя**

	урок начнем с пожелания друг другу самого наилучшего. Желаю *З-здоровья* *Д-добра* *Р- радости* *А-активности* *В-веселья* *С-счастья* *Т-тепла* *В- верных друзей* *У-успехов* *Й-интересных идей* *Т-творчества* *Е- единства* И все хором «Здравствуйте!» -Надеюсь, что урок пройдет интересно и увлекательно. Мы сегодня будем работать по группам. Деление на группы. *1 группа- «Астана»* *2 группа- «Москва»* *3 группа – «Вашингтон»* В каждой стране есть своя национальная валюта. В Казахстане- тенге, в России- рубль, в Америке- доллар. Каждый ребенок берет карточку и садится в ту группу, где указана национальная валюта страны.	место, проверяют наличие индивидуальных учебных принадлежностей		

СЕРЕДИНА УРОКА 3-5 мин 6- 8 мин 9-35	**1.Актуализация жизненного опыта. Проверка домашнего задания.** **Сегодня у нас необычный урок мы будем работать в команде в самых прекрасных странах мира. Я хочу проверить готовность каждой команды.** -Имя существительное-часть речи… -Существительные бывают одушевленные и неодушевленные. -Имена, фамилии и отчества людей пишутся с большой буквы. -Синонимы- это -Антонимы- это - Что такое лексическое значение слова? - Что такое грамматическое значение слова? - Имена существительные изменяются по родам. - Число и падеж- это постоянный признак имен существительных. **2. Вводное задание на подготовку к изучению нового. Работа по учебнику.** **Минутка чистописания работа с пословицей по плану**	Учащиеся берут карточки и отвечают на вопросы Записывают пословицу Работают в коллективе	**ФО стикер** **Отвечают На 1 вопрос-1б** **На 2 вопрос-1б** **ФО стикер** **Объясняет смысл пословицы-1б** **Соблюдает каллиграфические нормы-1 б**	**Картинка к рефлексии**

	1. Чтение пословицы 2.Объяснить значение непонятных слов 1. Выяснить смысл пословицы в целом, о чем она и чему учит?(нужно учить историю, без знания истории, что есть у народа (страны, мира, человека) невозможно развитие человека, общества. Спиши. Человек, не знающий своег не знает ничего. **Работа над лексической и грамматической темой урока.** **Тема нашего урока «Имена собственные и нарицательные»** **(К)Прочитай название текста и объясни, что значит быть гражда-нином. Затем прочитай текст и дополни свой ответ. Определи, какой это текст (художественный или нехудожественный) и его тип (повествование, описание, рассуждение).** **Будь гражданином!** Что это значит - быть	Выполняют словарную работу	**Вставляет имена детей и пишет с большой буквы-1б** **Вставляет пропущенн**	

	гражданином? Недавно я говорил об этом с ребятами. Одна девочка сказала: - Быть гражданином - значит любить свою Родину. - Правильно. Но давайте подумаем: достаточно ли только любить свою страну, чтобы считать себя гражданином? - Надо гордиться своей страной, - сказали ребята. - Верно. И мы гордимся, когда слышим о полётах в космос, когда вспоминаем о героях и победах на полях сражений... Всё это правильно. Но... Вот про это «но» и сказал вдруг мальчишка в очках: - Если только гордиться. То какая польза от нас? В самом деле: мало любить свою страну и гордиться ею, надо жить её жизнью. Быть полезным стране. (По В. Крапивину) **- Рассмотри картинки и расскажи, что**	Знакомятся с правилом	**ые буквы Безударные гласные, проверяемые ударением- 1б Словарные слова- 1б Выполняет фонетический разбор- 1б**	

	делают дети. Приносят они пользу своими делами? Почему ты так думаешь? **(Г) Составь и запиши несколько предложений но картинкам из упражнения 1, чтобы получился текст. Придумай детям имена, вставь пропущенные буквы.** (...) хочет знать традиции и культуру р...дного н...рода, поэтому изучает историю[1] св...ей стр...ны, бережно отно-сится к р...дному ...зыку. (...) и (...) заботятся о пр...роде родного края. (...) и (...) помнят о г...роях страны. Р...бята - настоящие патриоты Казахстана. **-Какие слова ты записал с большой буквы? Почему?** **(К) Словарная работа.**	Работают в группе Работают в парах	**ФО смайлик**	

	патриóт традúция **-Кого называют патриотом? Какие полезные дела делаешь ты и твои одноклассники?** **-Найдем из Толкового словаря лексическое знамение слова «патриот».** *Патриот. 1.Человек, преданный своему народу, любящий свое отечество, готовый на жертвы и совершающий подвиги во имя интересов своей Родины.* *2. Человек, преданный интересам какого-нибудь дела, глубоко привязанный к чему-нибудь.* **(К) Работа с правилом.** Имена существительные, которые н нородные (одинаковые) предметы, – и **ные.** Они пишутся со строчной буквы: че *цветок, город, дружба.* Имена **собственные** – это наименов фических объектов, людей, прозвища, к ных, названия книг и других единичны Они пишутся с заглавной буквы: *Ура Алатау, Тенгиз, Абай Кунанбаев.* **(И) Прочитай. Определи тему и основную мысль текста.** **Откуда газеты узнают новости?** Костанайская областная детская газета «Зелёное яблоко» издаётся с 8	Отвечают на вопросы учителя, оценивают свою деятельность на уроке	**ФО стикер Групповая работа-2б**	

КОНЕЦ УРОКА 35-40 мин	апреля 1999 года. Разворачивая газету, школьники узнают, что произошло в нашей стране и что делается в других странах, какое открытие сделали учёные, где построили больницу или школу, каких рекордов добились наши спортсмены. Главные корреспонденты - учащиеся школ из всех уголков Казахстана. Они и сообщают в газету об интересных событиях по телефону, интернету, факсом[0]. Над выпуском газеты трудятся множество людей: редакторы[0], наборщики*, печатники*. И ещё те, кто производит газетную бумагу, типографскую краску, наборные и печатные машины. Газеты печатают машины в типографии. **-Каким способом ты узнаёшь новости? Какие газеты и журналы издаются в твоём крае? Какие новости тебе интересно читать? -Вспомни, когда**			

	используются кавычки. **(Г) Проектная деятельность.** Сегодня мы создадим свою школьную газету о стране, которой названа ваша группа. Расскажите в своей газете о городах, природе, достопримечательностях. новостях и достижениях страны в спорте, культуре, науке, о патриотах и так далее. Помни о правильном написании имен собственных. В этом вам помогут слова – помощники. **(И) К каждой группе имён собственных подбери имена нарица-тельные. Запиши их.** 1. Актау, Караганды,Рудный, Семей - .... 2. Казахстан, Россия, Китай, Франция - .... 3. Ертис, Урал, Сырдария', Тобол - .... 4. Дегелен Тянь-Шань, Алатау - .. **7.Итог урока.** **-**Какую цель мы поставили на сегодняшнем уроке? - Достигли ли мы этой цели?			

	- Какие затруднения были у вас на уроке? - Что нужно сделать чтобы эти затруднения не повторялись? **Знаю, умею!** **Дополни предложения** К именам собственным относятся ... . Имена соб ся с ... буквы. Имена нарицательные пишутся .. письме выделяются ... . **Д/З с. 59 упр.7, с. 58-59 учить правило** **Рефлексия.** Все команды работали отлично. Победила дружба *Дружба- Достык- friendship* Оценим свою работу при помощи листа самооценки 			
КОНЕЦ УРОКА 35-40 мин				

№ V00017 27.03.2025 ж

Музыка әлемінде

ДЖЕКСЕМАЛИЕВ НУРЛЫБЕК ГИЛАЖЕВИЧ
Атырау қаласы,
КМҚК №21 «Алтын кілт» бөбекжай-бақшасының
Саз жетекшісі

Жәй ғана құлаққа естілгенде құрғақ, жансыз біртектес...
Бірақ тереңіне үңілсек осы екі сөзде керемет ғажап шындық жатыр. «Музыка жетекшісі» керемет, сезімтал, мейірімді білмейтіндерге қол ұшын созушы, жаңалыққа жаны құмар жандар.
Музыка дегеніміз-сырлы да сиқырлы дыбыс. Біз ол музыканы сезінуге, түсінуге естуге үйретеміз.Әуен жүрегіңді баурап, жан тербетер ән, сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты жәй күйге бөленеді.Музыка көңілді көтереді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады. Музыка адамға қанат бітіріп, бүкіл әлемді бағындырғандай күйге бөлейді.
Музыка жетекшісі жәй ғана мамандық емес-оны атақ абыроймен алып жүру керек.Мен жұмбақ және сиқырлы музыка әлемінің есігін айқара ашамын...
Менің атқарып отырған қызметімдегі мәртебе – ол балалардың көзіндегі музыка тіліне деген қызығушылықтары.
Мерекелік сценарийлерді құрушы ,ойын-сауық бағдарламалардың жасалуына, олардың әзірлеуіне, көрнекі құралдарды, материалды уақтылы әзірлеуші – зор мамандық иесімін.
Баланың музыканы тыңдауы, қабылдауы, есте сақтауы . әнді жеке айту, қосылып айту,әннің сөзін дұрыс,анық айту , әні мен сөзі арасындағы байланысын , ән мен дене қимылының үйлесімділігін бере білу , қызығушылығын қалыптастыру- музыка жетекшісінің шеберлігіне, іскерлігіне,білімділігіне, осы мамандықты бар жан дүниесімен меңгере білуінде деп білемін.
Шығармашылық саланың ішінде музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз-сұлулықты, көркемдікті сездіртіп ,үйретіп қана қоймай , өз бойына сіңіре білудіәдет-дағдыларына айналдыру.
Мектепке дейінгі жастағы балалар әр нәрсеге бейім, ересектер не үйретсе соны қабылдап алады және көп нәрсе күтеді.Үлкендердің айтқанын тез қабылдайды.Олардың жандары сондай нәзік және өте сезімтал болып келеді.
Менің өзім осы балалармен жұмыс жасағанда , музыка тілінің құдіреттілігін жаңаша көзқараспен және жүрекпен шынайы сезіне білдім.

Менің көзімнің жеткені балалар да бізге көп нәрсе үйрете алады. Мысалы: Бала сияқты сезіну,сүю, түсіну ересектерде табиғатында жоқ нәрсе.
Балабақшаға келген балалар сондай нәзік, пәк, таза күйінде келеді. Балалардың үлкен өмірге деген іргетасын біз қалаймыз.Яғни, балалардың болашақтатәрбиелі, мәдениетті болып өсуіне біздің қосар үлесіміз зор. Баланың ішкі жан дүниесінің бай , ой-өрісінің дамуы, асыл қасиеттерін,қабілетін дамытушы біз - музыка жетекшісі.
Мені қуандыратын жағдай балалардың музыка залына ерекше құштарлықпен келуі.Мен оларды көргенде бойымды ерекше қуаныш сезімі кернейді.Кіп-кішкентай балалардың өздері мені көргенде көздерінде қуаныш лебі сезіліп тұрады.Мен балаларды ән тыңдатуға,ән айтқызуға,би қимылдарын үйретуге, музыкалық аспаптармен таныстыруға бар ынта жігеріммен дайындаламын.
Музыка оқу іс-әрекетінде балалардың қиялы ұшқыр музыка әлемі мен ертегі әлемінің арасындағы ортақ қызығушылықтар байланыс табады.
Мерекелікті ұйымдастырғанда әрдайым балаларға қолайлы өзара түсінушілік, ерекше қиял ғажайып әлеміне саяхат жасатуға тырысамын.
Балалардың жеке басының қасиетін,қабілетін, талантын, шығармашылықпен ұштайтындай етіп ұйымдастырамын. Шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін,қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану міндетіміз.Біздің міндетіміз балаға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншілігін ашып көрсету.
Музыка тілін терең түсінген және меңгерген адам кеңпейіл, ақылды,сезімтал өзіне жақын адамдарды, айнала қоршаған ортаны сүйеді, түсінеді, сезінеді деп білемін.
Біз тәрбиелеп отырған бүлдіршідер болашақта ақылды, қабілетті, белсенді болып өсетініне сенім артамыз!!!
Біз көңілді баламыз,
Өнер қуған дарамыз.
Әнге салып әдемі,
Бақшаны жырға қосамыз!

№ V00018 27.03.2025 ж

Ерекше бала ерекше білімді қажет етеді

ЖОЛДАСОВА АЙША АСХАТҚЫЗЫ
Атырау қаласы №24 орта мектеп
Арнайы педагог

Ерекше білімді қажет ететін балаларға берілетін білім инклюзивті білім деп аталады.

Инклюзия деген не?

Инклюзия – денсаулығы дімкәс, мүмкіндігі шектеулі балалардың өз күшіне деген сенімін арттыру арқылы басқа жеткіншектермен бірге білім алуы, яғни арнайы мамандар (логопед, дефектолог, психолог, олигофренопедагог және сурдопедагог) арқылы қосымша білімді керек етуі.

Инклюзивті білім – қоғам қажеттілігі. Себебі, инклюзивті білім беру даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізудегі өзекті мәселе саналады. Оның мақсаты – дені сау баламен бірге инклюзивті білімді қажет ететін балаларды қоршаған ортаға бейімдеу. Балалардың деңгейіне қарай (тіл кемістігі, дене дамуының жеткіліксіздігі, көру қабілеті нашар, есту қабілеті бұзылған және қандастар үшін (тіл және салт-дәстүрді меңгеру бойынша ортаға бейімдеу) қажетті білім беру болып табылады.

Қазір аурудың түрлері көп. Бір-біріне ұқсас болғанымен, атаулары әр басқа. Аурулар экологияның ластануынан бастау алып, тұқым қуалаушылық, денсаулыққа немқұрайдылық таныту, жыныстық қатынастағы жұқпалы аурулар мен отбасылық жағдайдағы кикілжіңдерден де (депрессия) туындауда. Әсіресе, орталық жүйке жүйесінің бұзылуынан, мидың органикалық зақымдануынан, жүктілік пен туу кезіндегі жарақаттар мен нейроинфекция әсерінен аутист балаларды дүниеге әкеліп жатқан аналар аз емес.

Ал, аутизм – ауру емес. Ол – ешбір генетикалық сараптама көрсете алмайтын, яғни адамның жан-дүниесінде болып жатқан арпалыс. Өзіңіздің бойыңыздағы байқалмайтын және байқалатын қасиеттерді балаңыздың бойынан (99% гендік) көру. Ата-аналардың көпшілігі бұл жағдайды мойындай бермейді.

Аутист бала сезінуге қабілетсіз болады.

Баланың бойындағы аутистік бұзылуларды 2-3 жасқа келгенде ойын арқылы анықтауға болады. Мысалы, дені сау бала мен аутизмге шалдыққан сәбидің ойнап отырған ойыншығын тартып алсаң, жылайтыны анық.

Сау балаға ойыншығын қайтарсаң, жылағанын бірден қояды, ал, аутистік белгісі бар балаға ойыншығын қайтарсаң да жылай береді. Тағы бір белгісі, адамның көзіне тіке қарамайды. Балаға қарама-қарсы тұрып, ым-ишаралармен жаттығулар жасауды талап етсең, құлақ аспайды. Ал, сол жаттығуларды артына өтіп жасасаң, оны орындайды. Өсе келе ешнәрсеге қызығушылығы оянбай, айтқанды түсінбей, тек қайталай береді. Мамандар олардың психологиясын зерделеу барысында ерке, тәртіпсіз әрекеттерімен жақын адамдарына (тіпті анасына) деген аяушылық сезімнен алшақ болатынын байқаған. Дертті дер кезінде (2-3 жасында) анықтап, арнайы мамандарға емдететін болса, сауығып кетуіне мүмкіндік бар.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізуде арнайы мамандардың қызметі үлкен шеберлік пен білімді қажет етеді. Ерекше баламен ерекше білімді мамандардың жұмыс жүргізгені дұрыс. Шетелдің білікті мамандарымен тәжірибе алмаса отырып, әдістемелік құралдар әзірленсе, нұр үстіне нұр болар еді. Білікті маман іздеп, баламен сан-саққа жүгірген ата-аналарға да арнайы оңалту (анаға да, балаға да психологиялық және психикалық тұрғыдан көмек көрсететін) орталықтары ашылуы керек деп ойлаймын. Неге десеңіз, анасымен жұмыс жүргізу арқылы баланы емдеу тиімдірек. Себебі, дені сау ана мен әкеден ғана дені сау бала өмірге келетінін ескерген жөн.

№ V00022 27.03.2025 ж

Ерекше білім беруді қажет ететін баламен жұмыс

ҚУАНЫШ ГҮЛІМАЙ ҚУАНЫШҚЫЗЫ
Атырау қаласы «№24 орта мектебі»
Арнайы педагог

Біз бүгінгі таңда арнайы білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу, сондай-ақ қоғамға бейімдеу бағытында жұмыс атқарамыз. Сөйлеу тілінде, зерде бұзылысы бар, психикалық дамуы тежелген эмоционалды ерік әрекетінде және мінез құлқында бұзылысы бар балалармен жұмыс істейміз. Негізгі мақсат – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға зерттеу жасау, олардың мүмкіндіктерін анықтай отырып жеке сабақ түрін ұйымдастыру, заманауи әдіс-тәсілдердің көмегімен балаға түзету сабақтарын ұсыну.

Сонымен қатар, әлеуметтік бейімдеу, баланың танымдылық қабілетін дамыту және ең негізгісі бұл қоршаған ортаны танып қабылдау қиындықтарын алдын алу. Олигофренопедагог ретінде баланы ең бірінші кезекте әлеуметтік тұрмыстық дағдыларына қалыптастыруды үйрету. Яғни бала өзін қоғамдық ортада қалай ұстау керек, әдеп, дағды түсініктерін негізге ала отырып, қоғамдастыруға қалыптастыру. Бізге қайырылған ерекше балалар зейіні өте шашыраңқы болып келеді, сабақта тез шаршайды.

Сондықтан, әрбір сабақта балаларды демалта отырып, сабақты ойын арқылы қызықтырып, физикалық дамуын, оқуын, жазуын ұйымдастырамыз. Мысалы Нумикон әдісі – арқылы қосу, азайту амалдары, тақ сан мен жұп санды ажырату, сандық құрамды анықтау, салыстыру амалдары, бөлу, көбейту, ондық санды анықтау, уақытты бағдарлауды және балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыруға болады.

Нумиконда 1-ден 10-ға дейінгі сандар әр түрлі түсте пластмасс шаблонды кесінділермен (паттерны) берілген, сол себепті сандар көру арқылы және тактильді қабылдауына өте тиімді. Текшелер мен түтікшелермен ойындар ұйымдастыру (құмға тығу, судан аулау, ермексаздың бетіне бастыру) ойын ойнау арқылы балалар түріне, түсіне, пішініне назар аударады.

Құрастыра отырып, бала өзінің іс-әрекетін, нені құрастырып отырғанын, қандай түстерді таңдағанын әңгімелеу арқылы сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Баланың сөздік қоры «ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кішкентай, артық-кем, аз-көп, үстінде-астында, оң жағында-сол жағында» деген сөздермен толықтырылады.

Құм терапиясы арқылы баланың сенсорлық және психомоторлы, сондай-ақ, ақыл ой интеллектісін, ойлау, есте сақтау, қиялын, анализ-синтез функцияларын дамытуда осы құм терапияның алатын орны ерекше. Құммен ойын-балалардың эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал бола отырып, баланың ұсақ моторикасын дамытады.

Ерекше балалар әрқашан қайталауды қажет етеді, себебі бүгін сабақта үйренген дағдыны ертең ұмытып қалатыны да бар. Осы жағдайды ескере отырып, олигрофренопедагог маманының бойында білім мен біліктілікпен қатар, әрқашанда сабырлық, жылдамдылық, ұқыптылық, мейрімділік болу қажет.

МАЗМҰНЫ

- ТАШЕНОВА ГҮЛНҰР ОМАРҚЫЗЫ
- ЖИЛГИЛДИЕВА МАРИНА КРЫКБАЕВНА
- ДЖЕКСЕМАЛИЕВ НУРЛЫБЕК ГИЛАЖЕВИЧ
- ЖОЛДАСОВА АЙША АСХАТҚЫЗЫ
- ҚУАНЫШ ГҮЛІМАЙ ҚУАНЫШҚЫЗЫ